



KAZAKHMYS PLC

6<sup>TH</sup> FLOOR  
CARDINAL PLACE  
100 VICTORIA STREET  
LONDON SW1E 5JL  
Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales  
Company Number: 5180783

2010 жылғы 28 қаңтар

## Қазақмыс ПЛС 2009 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған төртінші тоқсандағы және 12 айы ішіндегі өндірістік есебі

- Катодты теңгерімдегі мыс өндірісі жоспарлы көрсеткішінен төменде көрсетілген себептерге қарай арта отырып, 320 мың тоннаны құрады:
  - қордаланған шикізаттарды өңдеудің және өндірістік операциялардың тиімділігі арқасында
  - Батыс Нұрқазған жерасты кенішінің іске қосылуы есебінен
  - аяқталмаған өндіріс деңгейінің біркелкі қалпына келтірілуімен бірге төртінші тоқсандағы 68 мың тонна ауқымындағы өндіріс есепке алынған.
- 2009 жылы қосарлы өнімдер өндірісінің артуы:
  - концентраттағы мырыш өндірісі 9 пайызға өсіп, 149 мың тоннаны құрады
  - күміс өндірісі 17 миллион унцийді құрады, ол 2008 жылдағысына сәйкес келіп отыр
  - алтын өндірісі 9 пайызға өсті, және 135 мың унцийді құрады
- Kazakhmys Power бөлімшесі жоспарлы көрсеткіштерін артығымен орындап жылды аяқтады:
  - төртінші тоқсанда нарықтың сенімді қалпына оралды, соның ішінде электр энергиясын өндірудің артуы 2009 жылдың үшінші тоқсанындағымен салыстырғанда 48 пайызды құрады
  - Қазақстанда және Ресейде өнеркәсіптік сұранысты қалпына келтірудің есебінен қолдау таба отырып, жылдық өндірілімі 9 737 ГВтсағатты құрады
  - қолданыстағы таза қуаттылықты арттырып 2 012 МВт-қа жеткізуді қамтамасыз еткен 5-ші энергоблокта жүргізілген капиталдық жөндеудің сәтті аяқталды

Бас атқарушы директор Олег Новачук мырзаның былайша түсініктеді: “Өндірістегі басшылар 2009 жылдың міндеттерін шешу жолында өте жақсы еңбектенді. 2009 жылдың басында біз, 300 мың тонна катодты мыс өндіріп шығаруға бел буып, шығыны жоғары болған өндірістік нысандарды жабудың есебінен руда өндіруді қысқарттық. Өндіріс тиімділігіне және қордаланған шикізаттарды қолдануға сәтті бағытталған жұмыстың арқасында біз осы жоспарлы көрсеткіштен асыра орындауға еш қиындықсыз-ақ қол жеткіздік, және өндірістің жалпы ауқымы 320 мың тоннаны құрады. 2010 жылы руда өндіру жұмысы бұдан әрі де 2009 жылғы деңгейде сақталады, ал катодты мыс өндірісінің жоспарлы көрсеткіші 300 мың тоннада сәл астам деңгейде белгіленді”.

**Толық ақпарат алғыңыз келсе төмендегі байланыс телефондарына хабарласыңыз:**

---

**«Қазақмыс ПЛС»**

Джон Смэлт

Корпорациялық байланыстар  
бөлімінің басшысы

Тел: +44 20 7901 7882

Тел: +44 78 7964 2675

Айрин Бэртон

Зүлфира

Мұхамедиярова

Қаржы талдаушысы

БАҚ-мен байланыс жасау

жөніндегі аға менеджер

Тел: +44 20 7901 7814

Тел: +77 27 266 3317

**Мерлин**

Дэвид Саймонсон

Леонид Финк

Тел: +44 20 7726 8400

Тел: +44 20 7726 8400

**РЕДАКТОРЛАРҒА АРНАЛҒАН ЕСКЕРТПЕЛЕР**

Қазақмыс Тобы (Қазақмыс ПЛС) табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында аса қомақты қатысу үлесі бар.

Қазақмыс Тобы, қатарына 15 кеніш, 10 тау-кен фабрикалары және 2 мыс балқытушы өндірістік кешендері қосылатын Қазақстандағы әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушілердің бірі болып табылады. Мысты өндіру руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығарумен аяқталатын толығымен интеграцияланған іс болып табылады. 2009 жылы ол меншікті рудасынан барлығын қоса алғанда 320 мың тонна катодты мыс өндірді. Бұл өндіріс ішкі қажетіне электр энергиясын жеткізумен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтылған.

Қазақмыс Тобы басқа да металлдардың ауқымды көлемін, оның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіреді. 2009 жылы Қазақмыс 150 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Қазақмыс әлемде ең ірі деген төртінші күміс өндіруші болып табылады (2009 жылы 17 млн. унций күміс өндірді).

2007 жылының шілдесінде сатылып алынған «Eurasia Gold Inc» компаниясы құрамына кіретін «Kazakhmys Gold» бөлімшесі, кен игеру және кен орындарын барлау жөнінде жаңадан ірі жобаларды жүзеге асырып отыр. 2009 жылы Топ 180 мың унция алтын өндірді, оған тиесілі есептелінген әрі болжанып отырған 2,3 млн. унций ресурстары бар.

Қазақстандағы ең ірі теңгерімді қуаттылығы 4000 МВт болатын Екібастұз көмір электр станциясы (ЕГРЭС-1) Топтың «Kazakhmys Power» бөлімшесінің иелігінде. Оған қоса, бұл бөлімше аталған электр станциясының отынға деген сұранысының шамамен 20 пайызын қамтамасыз етуші 2009 жылы осы кеніш 3,7 млн. тоннадан астам көмір өндіріп шығарған Майкөбе көмір кенішіне ие.

«Kazakhmys Petroleum» бөлімшесі 2007 жылдың сәуір айында иелігіне сатып алған Каспий маңы ойпатының шығыс шекарасында орын тепкен Шығыс Ақжар барлау блогында өзінің жұмысын жалғастырып отыр.

Соған қоса, Қазақмысқа алдын ала мыстан және мыс қорытпаларынан алынған жартылай өңделген өнімдердің алуан-түрлі ассортиментін шығаратын, мыс өнімдерін өндіру жөніндегі тағы МКМ германиялық өңдеуші компания тиесілі.

Топ айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді. Топтың акциялары Лондон Қор биржасында, сондай-ақ Қазақстан Қор биржасында саудаланады. 2008 жылы ол EBITDA 2 млрд доллар көрсеткішімен Топтың өнімдерін сату көлемі 5,2 млрд доллар шамасында болды. Топта 67000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – Орталық Азияда ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіндіктерін диверсификациялау және кеңейте түсуде белсене қатысу.

**KAZAKHMYS COPPER ӨНДІРІСІ**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т	32 409	35 675	7 998	8 398	8 969
Мыстың орташа құрамдылығы	%	1,18	1,26	1,19	1,15	1,27
Концентраттағы мыс	мың т	360,9	399,8	91,0	91,5	108,6
меншікті концентрат	мың т	358,9	370,9	91,0	89,5	101,6
сатылып алынатын концентрат	мың т	2,0	28,9	-	2,0	7,0
Катодты теңгерімдегі мыс өндірісі <sup>1</sup>	мың т	326,0	380,9	69,1	83,1	106,1
меншікті концентраттан	мың т	320,4	342,9	68,1	82,2	91,3
сатылып алынатын концентраттан	мың т	5,5	37,8	0,9	0,9	14,8
толлингтік концентраттан	мың т	0,1	0,2	0,1	-	-
Мыс катанкасы	мың т	9,7	48,3	2,1	2,9	15,6

<sup>1</sup> Концентрат түрінде саудаланған мысты, және де мыс катанкасына қайта өңделген катодты мысты қамтиды.

2009 жылы руда өндірудің ауқымы 2008 жылдың соңынан бастап шығындылығы жоғары төрт кеніштің тоқтатылуына ілесіп 9 пайызға төмендеп кетті. Кеніштердегі жұмыстар мысқа деген бағамдардың төмендеген кезеңінде шығындарды бақылауда ұстау әрі пайданы маржаларын қорғау мақсаттарымен тоқтатылған болатын. Бұл төмендеу жұмыс істеп тұрған өндірістік нысандарда өндіріс ауқымдарын арттырудың және қордаланған шикізатты қолданудың есебінен еселендірілді. Жоғарыда келтірілген факторлар катодты мысты шығаруды 7 пайыздан сәл төмен, яғни 320,4 мың тоннаға дейін жетуіне апарды, ол жылдың басында белгіленген 300 мың тонна деңгейіндегі жоспарлы көрсеткіштен асып отыр.

Металл мен руда өндірудің аса елеулі төмендеуі, 2008 жылы рудадан айырып алынған металлдың жалпы көлемінің шамамен 13 пайызын құрап, 2 363 мың тонна руда өндірілген Қарағанды аймағындағы рудасының құрамдылығы жоғары болып отырған Ақбастау кенішіндегі өндірістік операциялардың тоқтатылуымен байланысты болды. Ақбастау кенішінің тоқтатылуы сонымен қатар, 2009 жылы руданың орташа құрамдылығының төмендеуіне жеткізген басты фактор болды. Ақбастау кенішіндегі өндіріс сол кеніштен жақын жерде кен байыту фабрикасының құрылысы аяқталғандағ яғни бірнеше жылдан соң қайта жалғасатын болады. Фабриканың құрылысы көлікпен тасымалдау шығындарын анағұрлым қысқартудың арқасында кеніштегі өндірудің қосылған құнының артуына елеулі әсерін тигізе алады.

Тоқтатылған кеніштерде руда өндірудің төмендеуі 2009 жылы 5 272 мың тоннаны құраған Жезқазған өндірістік бірлестігінің Оңтүстік кенішінде өндірудің 59 пайыздық артуымен ішінара еселендірілді. 2008 жылы Оңтүстік кенішінің өндірісіне негізгі ұңғымада жүргізілген жөндеу жұмыстары көп әсер етті. 2009 жылы сол жұмыстардың аяқталуы және өндірістік қызметтің тоқтатылған Батыс кенішінен ішінара көшірілуі, кеніштің өндіріс ауқымдарына одан әрі пайдалы әсерін тигізді.

### KAZAKHMYS COPPER ӨНДІРІСІ (ЖАЛҒАСЫ)

2009 жылдың ақпан айында пайдалануға берілген Қарағанды аймағындағы Батыс Нұрқазған кенішіндегі өндіру, сондай-ақ жылдық көрсеткіштерде жағымды көрініс тапты. Кеніштегі 2009 жылғы өндіріс ауқымы 1 729 мың тоннаны құрады.

Руда өндірудің ауқымы 2009 жылдың үшінші тоқсанындағыға қарағанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында төменірек болды, ол рудалық қойнауы сарқылған Тасқора (Жезқазған бірлестігіне қарасты Солтүстік кенішінің құрамдас бөлігі саналады) ашық карьерде өндіру жұмыстарының доғарылуына байланысты. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде Солтүстік кеніште кең ауқымды жер қабатын аршу жұмыстары жүргізілетін болады. Өндіру жұмыстары екінші тоқсанда қайта жалғасатын болады және екінші жартыжылдықтың ішінде бірте-бірте арта түсетін болады.

Руда өндірудің және оның құрамдылығының төмендеуі жыл ішінде өндірілген металл ауқымының 15 пайыздық төмендеуіне апарды, алайда меншікті концентраттағы мыстың ауқымы бар болғаны 3 пайызға, яғни 358,9 мың тоннаға ғана қысқарды. Бұрынырақта қордаланған рудаларды өңдеу және шикізат қалдықтарын қайталап өңдеу концентраттың өндіріс ауқымына игілікті септігін тигізді. Жыл ішінде түрлі өндірістік жетілдірулердің есебінен де Топтың кен байытушы фабрикаларында айырып алу коэффициенттері арттырылған болатын.

2009 жылдың ішінде екі кәсіпорында, яғни Балқаш және Жезқазған мыс балқыту зауыттарында концентраттағы мысты өңдеуде біршама өзгерістер болды. Жыл ішінде өндірілген металл ауқымының төмендеуі Жезқазғандағы балқыту пештерінің бірінде ірі масштабты жөндеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік ұсына отырып, Балқаш пен Жезқазғаннан концентраттың бір бөлігін қайта жолдауға мүмкіншілік туғызды. Қазіргі уақытта барлық жөндеу жұмыстары аяқталды, және 2010 жылдың екінші тоқсанында жаңартылған балқыту пеші жаңадан пайдалануға берілетін болады. Бұл жерде айта кететіні, Жезқазғанның екінші балқыту пешінде жөндеу жұмыстары басталады.

Төртінші тоқсанда тиімділікті арттырудың құрамдасы ретінде жыл ішінде аса төмен деңгейлерге дейін қысқарған аяқталмаған өндірістің жинақталуы орын алды. 2009 жылдың төртінші тоқсанында аяқталмаған өндірістің жинақталуы 2009 жылдың үшінші тоқсандағымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында катодты мыс өндірісінің 17 пайыздық төмендеуінен байқалды. Аяқталмаған өндірістің бір бөлігі 2010 жылы өңделетін болады.

## Қосарлы өнімдер өндірісіне қысқаша шолу

### KAZAKHMYS COPPER ҚОСАРЛЫ ӨНІМДЕР ӨНДІРІСІ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Концентраттағы мырыш	мың т	149,3	137,3	40,5	32,4	32,8
Металлдық мырыш	мың т	8,6	47,5	-	-	12,3
мырыштың орташа құрамдылығы	%	4,15	3,10	4,56	3,98	2,74
Күміс	мың т	16 899	16 716	3 701	4 051	4 592
меншікті шикізаттан <sup>1</sup>	мың т	16 894	16 710	3 698	4 051	4 587
толлингтік шикізаттан <sup>2</sup>	мың т	5,0	5,7	3,4	-	4,8
күмістің орташа құрамдылығы	т/грамм	20,62	21,05	22,16	19,57	21,23
Алтын	мың т	145,3	128,0	34,6	37,5	34,6
меншікті шикізаттан <sup>1</sup>	мың т	134,7	123,5	30,6	36,2	31,4
толлингтік шикізаттан <sup>2</sup>	мың т	10,6	4,5	4,0	1,3	3,2
алтынның орташа құрамдылығы	т/грамм	0,66	0,85	0,70	0,70	0,63

<sup>1</sup> Сатылып алынатын концентраттың шламдарын қоса алғанда.

<sup>2</sup> Үшінші тараптармен ұсынылатын толлингтік шикізатты көрсетеді.

#### Қысқаша шолу

2009 жылғы қосарлы өнімдер өндірісі 2008 жылғы көрсеткіштерден асып түсті, өйткені жыл ішінде қосарлы металлдар өндірісінің төмендеуі Ақбастау және Абыз кеніштерінен қордаланған полиметаллдық рудалардың өңделуінен қосылған елеулі үлеспен еселендірілді. 2009 жылы кен байыту фабрикаларында қол жеткен айырып алу коэффициентінің артуы да, әрі 2009 жылдың соңында аяқталмай қалған жұмыстар деңгейінің төмендетілуі де күміс пен алтынның жылдық өндірісін жоғарылатты.

2010 жылы 2009 жылдан бастау алған айырып алу коэффициентінің артуы, бұдан әрі де қосарлы өнімдер өндірісіне жағымды әсер ете түсуі тиіс, мұндай жағдайда, қордаланған руданың өңделуі есебінен алынған ауқымдар қысқаратын болады. Дайын өнімдер өндірісі руданың базалық өндіріліміне сәйкес келуге тиіс.

#### Қосарлы өнім – мырыш

2009 жылы концентраттағы мырыш өндірісі қордаланған руданың өңделуіне және кен байыту фабрикаларында айырып алу коэффициентінің арттырылуына байланысты 9 пайызға жоғарылады. Бұл жоғарылау осы металлды базалық өндірілуінің төмендегендігіне қарамастан орын алды, өйткені аталған металлдың рудадағы бай құрамдылығымен ерекшеленетін Қарағанды аймағындағы Құсмұрын және Ақбастау кеніштерінің өндіріске өздерінің үлесін қоспады.

2009 жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында өндіріліп шығарылған концентраттағы мырыш ауқымының арта түскендігі, Шығыс аймақтағы Артемьев және Николаев кеніштері тарапынан үлестің арттырылғандығын әрі үшінші тараптармен руданың өңделу мерзімдерінің дұрыс үлестірілгендігін көрсетеді.

### KAZAKHMYC COPPER ҚОСАРЛЫ ӨНІМДЕР ӨНДІРІСІ

#### Қосарлы өнім – күміс

Өндіріліп шығарылған металл ауқымының төмендегені негізінен, 2008 жылы өндірілген барша күмістің 7 пайызын беретін Ақбастау кенішінің тоқтатылуына байланысты. Меншікті шикізаттан күмістің жылдық өндірісі, соған қарамастан, 2008 жылдағы көрсеткішіне сәйкес келіп отыр, бұл тағы да айырып алу коэффициентінің артуымен байланысты және қордаланған рудалардың өңделуінің арқасында болып отыр.

2009 жылдың төртінші тоқсанындағы күміс өндірісі, осы металлдың өндірілуінің 8 пайыздық артқандығын көрсетпей, алдыңғы тоқсанындағыдан 9 пайызға төмен болып шықты. Бұл сол аталған тоқсанның ішінде аяқталмаған жұмыстар көлемінің артуына байланысты орын алды.

#### Қосарлы өнім – алтын

2008 жылдағы 123,5 мың унциймен салыстыра қарағанда, меншікті шикізаттан алтын өндірудің 2009 жылғы 134,7 мың унцийге жоғарылауы, Абыз және Ақбастау кеніштерінен алынып, қордаланған алтынқұрамды шикізаттың өңделгенімен байланысты. Мамыр айында Қарағанды аймағындағы Қарағайлы кен байыту фабрикасында жаңа жабдықтардың іске қосылып пайдалануға берілуі айырып алу коэффициентінің артуына мүмкіндік туғызды да, ол өз кезегінде меншікті концентраттан алтын өндіруге жағымды әсер етті.

2009 жылдың төртінші тоқсанындағы металлдық алтынды өндірудің ауқымы, алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда төмендеген, ол сол тоқсанның ішінде аяқталмаған жұмыстар көлемінің артуына байланысты болып отыр.

**ЖЕЗҚАЗҒАН**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т	23 779	24 124	5 691	6 127	6 252
Мыстың орташа құрамдылығы	%	0,87	0,84	0,88	0,86	0,85
Мыс концентраты	мың т	491,3	493,9	122,1	119,4	133,1
Концентраттағы мыс	мың т	181,4	176,2	44,6	45,6	46,7
Катодты мыс өндірісі <sup>1</sup>	мың т	105,0	180,7	20,9	28,5	48,1
меншікті концентраттан	мың т	105,0	179,6	20,9	28,5	48,1
сатылып алынатын концентраттан	мың т	-	1,1	-	-	-
толлингтік шикізаттан <sup>2</sup>	мың т	-	-	-	-	-
Мыс катанкасы	мың т	9,7	48,3	2,1	2,9	15,6

<sup>1</sup> Мыс катанкасын өндіруде пайдаланылатын мысты ққосқанда.

<sup>2</sup> Үшінші тараптармен ұсынылған толлингтік шикізатты көрсетеді.

2009 жылы Жезқазған өндірістік бірлестігінде 23 779 мың тонна ауқымында өндірілген руда 2008 жылдағыға қарағанда, біршама төмен. Бұл төмендеу Батыс кеніштің тоқтатылғандығымен байланысты, алайда Оңтүстік кеніштегі өндірудің артуымен ішінара еселендірілді. Батыс кеніштен жабдықтар мен қызметкерлер құрамының көшірілуі арқасында Оңтүстік кеніштегі өндіру 1 961 мың тоннаға артып, 5 272 мың тоннаға дейін жетті. Бірлестік қызметіндегі нәтижелерге руданың тасымалдануын жақсарту түскен 2009 жылдың басында конвейердің пайдалануға берілуі және де жүргізілген тау-кен даярлық жұмыстарына байланысты жағымды әсерін тигізді.

2009 жылдың желтоқсан айында Тасқорадағы өндірістік операциялар тоқтатылды, өйткені ол кен орнының рудалық қойнауы сарқылған. Бұл тоқтатылуы 2009 жылдың үшінші тоқсанымен және 2008 жылдың төртінші тоқсанындағымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында өндіру ауқымдарының төмендеуге апарды. 2010 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде Солтүстік карьерде жер қыртысын аршу жұмыстары жүргізілетін болады. Өндіру жұмыстары болса, екінші тоқсанда қайта жалғасып, сол екінші тоқсан ішінде ауқымдары бірте-бірте арта түседі.

Рудадағы мыстың орташа құрамдылығы 2008 жылдағы 0,84 пайызбен салыстырғанда, 2009 жылы 0,87 пайызды құрады. Жезқазған өндірістік бірлестігіндегі сарқылып бара жатқан кеніштерде құрамдылығының төмендеу үрдісі 2009 жылы салыстырмалы түрдегі жаңа Жомарт кенішінде өндіру үлесінің жоғарылауы есебінен және руда құрамдылығы төмен Батыс кеніште өндірістік операциялардың тоқтатылуы есебінен жеңіп шықты.

Рудадағы металл құрамының арттырылуы, оның өндіру ауқымының қысқаруын еселендірі беріп, 2008 жылмен салыстырғанда, және 2009 жылы мыс концентраты өндірісінің 3 пайыздық өсімін қамтамасыз етті. 2009 жылдың төртінші тоқсанында концентраттағы мыс өндірісіне бірлестіктің кен байыту фабрикаларындағы айырып алу коэффициентіне жағымды әсерін тигізіп, өндірілген металл ауқымының төмендегендігін еселендіріп берді.

### ЖЕЗҚАЗҒАН (ЖАЛҒАСЫ)

2009 жылы Жезқазғанда меншікті концентраттан катодты мыс өндіру деңгейінің төмендегендігі мынаны көрсетеді:

- катодты теңгерімдегі 21,9 мың тонна мысты негізінен Қытайға мыс концентраты түрінде тікелей саудаланғандығы. 2010 жылы компания ішіндегі барлық концентрат катодты мысқа қайта өңделетін болады;
- жезқазғандық концентраттағы мыстың Балқаш мыс балқыту зауытында қайта өңделгендігі.

**БАЛҚАШ**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т	2 276	2 998	590	551	644
Мыстың орташа құрамдылығы	%	1,32	1,03	1,27	1,35	1,21
Мыс концентраты <sup>1</sup>	мың т	206,7	267,3	62,4	50,7	64,2
Концентраттағы мыс	мың т	37,9	38,8	11,9	9,4	9,8
Катодты мыс	мың т	199,1	197,4	45,9	50,9	57,4
меншікті концентраттан	мың т	193,5	160,5	44,8	50,0	42,6
сатылып алынатын концентраттан	мың т	5,5	36,7	0,9	0,9	14,8
толлингілік концентраттан <sup>2</sup>	мың т	0,1	0,2	0,1	-	-

<sup>1</sup> Үшінші тараптардың өңдеген концентратын қосылған.

<sup>2</sup> Үшінші тараптарға ұсынылған толлингілік шикізатты көрсетеді.

2009 жылы Балқаш өндірістік бірлестігінде руда өндірудің ауқымы 2 276 мың тоннаға дейін төмендеді, себебі 2008 жылдың соңында Қоңырат кенішіндегі жоғары базалық шығындылығынан, ондағы өндірістік операциялар тоқтатылды. Алайда, рудадағы мыстың құрамдылығы едәуір жоғары болған Шатыркөл кенішіндегі өндірудің артқандығы арқасында өндірілген металл ауқымы небары 3 пайызға ғана төмендеді. 2009 жылы Шатыркөл кенішінде 2008 жылмен салыстырғанда, өндіріс 47 пайызға жоғарылады. Алдыңғы жылы сатылып алынған жаңа жабдықтар өндіріс деңгейін қолдап тұруға септігін тигізді. Алдыңғы жылы жасалған инвестициялардың нәтижесінде келген жаңа жабдықтардың іске қосылып пайдалануға берілуі жалпылай Балқаш бірлестігінің нәтижелеріне жағымды әсерін тигізді. 2009 жылғы төртінші тоқсанда өндірістік операциялардың тиімділігі мен жұмыстағы іркілістердің болмауы алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда, өндірістің 7 пайыздық өсіміне жағдай тудырды.

Мыстың орташа құрамдылығы 2008 жылғы 1,03 пайыздан 2009 жылғы 1,32 пайызға дейін артқан, ол 2008 жылдың соңында Қоңырат кенішіндегі өндіру жұмыстарының тоқтатылғанын көрсетіп отыр. 2008 жылы сол кеніштегі рудадағы металлдың орташа құрамдылығы небары 0,29 пайызды құраған. 2009 жылдың төртінші тоқсанында рудадағы мыстың орташа құрамдылығының төмендегендігі мысқа бай учаскелерге жұмыс күшінің орын ауыстырыуынан болды.

2009 жылы 37,9 мың тонна концентраттағы мыс өндірісі 2008 жалдағымен салыстыра қарағанда, 2 пайызға төмендегендігін көрсетіп отыр. 2008 жылы екеуі де Қарағанды аймағында орналасқан Нұрқазған кенішінен қордаланған руда мен Ақбастау кенішінен шыққан таза мыс рудасы бос қуаттылықтарды пайдаланып, айырып алу коэффициентінің артуына қол жеткізу үшін Балқашта өңделген болатын. Шикізат қалдықтарының елеулі ауқымдарын қайталап өңдеу 2009 жылы концентраттағы мыстың өндірісін арттыруға, сонымен қатар, 2009 жылдың төртінші тоқсанында өндірісті 11,9 пайызға дейін арттыруға септігін тигізді.

Балқаш өндірістік бірлестігінде 193,5 мың тонна көлеміндегі меншікті шикізаттан катодты мыс өндіру алдыңғы жылдағымен салыстыра қарағанда 21 пайызға артты, бұл жағдайда мыс балқыту зауыты толық жобалық қуаттылығында жұмыс істеп тұрды.

### БАЛҚАШ (ЖАЛҒАСЫ)

Осынау елеулі артуы концентраттағы мысты балқыту үшін Жезқазғаннан Балқаш өндірістік бірлестігіне тапсырылуымен байланысты болды.

2009 жылдың үшінші тоқсанындағымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында катодты мыстың өндірісі төмендеді, ол 2010 жылдың ішінде өңделінетін аяқталмаған жұмыстар көлемінің аз ғана артуымен байланысты болып отыр.

2010 жылдың ішінде балқытушы пештердің тоқтатылуын қоса ескергенде, Балқаш мыс балқыту зауытында жөндеу жұмыстары жоспарланып, жүргізілетін болады. Бұл жұмыстар катодтардың жылдық ауқымына әсерін тигізбеуі тиіс.

**ШЫҒЫС**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т.	4 458	4 880	1 079	1 124	1 303
Мыстың орташа құрамдылығы	%	2,89	2,82	2,93	2,81	2,82
Мыс концентраты <sup>1</sup>	мың т.	595,3	583,7	144,6	148,1	156,0
Концентраттағы мыс	мың т.	108,3	110,7	26,2	26,8	29,5

<sup>1</sup> Үшінші тараптармен өңделетін концентраты қосылмаған.

2009 жылы Шығыс аймақта өндірілген руда ауқымы жылдың басында Белоусов кенішінің тоқтатылуына байланысты 4 458 мың тоннаға дейін қысқарды. Оған қоса, жер қыртысын қайта орнына жабу жұмыстары өндіруді баяулатқан Артемьев кенішінде өндіру төмендетілген деңгейде жүргізілді. 2010 жылы кеніштегі өндірісті жоғарылатуға мүмкіндік беретін жаңа бетон-құю зауыты пайдалануға берілетін болады. Белоусов кенішінің жабдықтары мен қызметкерлер құрамының рудасының құрамдылығы жоғары Юбилейно-Снегирихин кенішіне ішінара көшірілуі сол кеніштегі өндірісті арттыруға мүмкіндік берді және басқа кеніштердегі өндірудің төмендеуін еселендіруге септігін тигізді.

2009 жылдың төртінші тоқсанында 2009 жылдың үшінші тоқсанындағыға қарағанда, руда өндіру 4 пайызға төмендегі, ол жерасты сулары жоспарланып қойған жұмыстардың жүргізілуіне кедергі болған Николаев кенішіндегі өндірудің төмендегендігіне байланысты.

2008 жылғыға қарағанда, 2009 жылы мыстың орташа құрамдылығы жоғары болып, 2,89 пайызды көрсетті, ол 2008 жылы аймақ бойынша ең төмен құрамдылықты көрсеткен Белоусов кенішінің тоқтатылуына және Артемьев кенішінде жоғары құрамдылықты руда өндірілуіне байланысты болды. Орлов кенішінде құрамдылығы төмендеуі орын алып, ол 2010 жылы да жалғасуы ықтимал. 2009 жылдың үшінші тоқсанындағымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында Артемьев кенішіндегі құрамдылықтың жоғары болуы жалпы құрамдылығының артуына әсер етті.

2008 жылдың өндіріс ауқымына қарағанда, 2009 жылы концентраттағы мыс өндірудің ауқымы тек 2 пайызға ғана төмен болып шықты. 2009 жылы руда өндірудің қысқаруы мен 2008 жылы Құсмұрын (Қарағанды аймағында) кенішінен кешенді руданың қосымша өңделінуі сол аймақтағы руданың орташа құрамдылығының артуымен еселендірілген болатын. 2009 жылдың ішінде сол кен байыту фабрикасында флотациялау процесіне жетілдірулер енгізілді, ал қазірде барша аймақ бойынша айырып алудың коэффициентін одан әрі жоғарылату жұмысы жалғаса түсуде.

## ҚАРАҒАНДЫ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т.	1 896	3 673	637	596	770
Мыстың орташа құрамдылығы	%	0,91	2,13	0,93	0,87	2,14
Мыс концентраты <sup>1</sup>	мың т.	272,8	252,9	74,5	81,7	74,5
Концентраттағы мыс	мың т.	22,8	38,4	5,9	6,0	13,9

Жылдың басында рудадағы құрамдылығы жоғары Ақбастау кенішіндегі өндірістік операцияларды тоқтату шешімімен іле 2009 жылы Қарағанды аймағындағы руда өндіру ауқымы төмендеп кетті. Ақбастау кенішінде 2008 жылы 2 363 мың тонна руда өндіріліп шығарып, бар аймақ бойынша өндірілген металлдың 75 пайызын құраған болатын. Бұл шешім осы кеніштің рудасын өңдеу құнына көлікпен тасымалдаудағы қомақты шығындардың болуына байланысты қабылданған. Кеніштің жанынан жаңа кен байыту фабрикасы салынған уақытта өндіру жұмыстары жалғасатын болады.

2009 жылдың төртінші тоқсанында алдыңғы тоқсанмен салыстырғанда, руда өндіру ауқымының 7 пайызға өскендігі, 2009 жылдың бірінші тоқсанында пайдалануға берілген Батыс Нұрқазған кенішінде өндіру үлесінің жоғарылағандығымен байланысты. Бұл кеніш әлі өзінің толық қуаттылығына шыққан жоқ; 2010 жылы өндірудің одан әрі артуы күтіледі.

2008 жылғы 2,13 пайызбен салыстырғанда, 2009 жылы мыстың орташа құрамдылығы 0,91 пайызға дейін төмендегендігі Ақбастау кенішіндегі өндірістің тоқтағандығымен және орташа құрамдылығы 0,85 пайызды құрағанда, 2009 жылы аймақ бойынша руда өндірудегі үлесі 90 пайызды құраған Батыс Нұрқазған кенішінде өндіру жұмыстарының басталуымен байланысты.

2009 жылы Қарағанды аймағында концентраттағы мыс өндірісі 2008 жылдағымен салыстырғанда, 41 пайызға төмендегені, тағы да сол Ақбастау кенішінің тоқтатылуына байланысты. Концентраттағы мыс пен өндірілген руданың ара-қатынасына екі фактор әсер етті. 2008 жылы Құсмұрын және Ақбастау кеніштерінен шыққан рудалар бұл аймақтан тыс жерлерде өңделіп жүрген, ал 2009 жылы Ақбастау және Абыз кеніштерінен шығарылып, 2008 жыл ішінде қордаланған рудалар осы аймақтың ішінде өңделді.

**KAZAKHMYS POWER ӨНДІРІСІ**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Көмір өндіру	мың т.	3 688	3 600	1 094	940	1 023
«Қазақмысқа» тиесілі өндірілген көмір <sup>1</sup>	мың т.	3 688	2 200	1 094	940	1 023
Өндірілген таза электр энергиясы	ГВтсағ	9 737	10 402	3 566	2 410	2 440
«Қазақмысқа» тиесілі өндірілген таза электр энергиясы <sup>1</sup>	ГВтсағ	9 737	5 774	3 566	2 410	2 440
Қолданыстағы таза қуаттылық <sup>2</sup>	МВт	2 012	1 946	2 143	1 933	2 104

<sup>1</sup> 2008 жылғы 29 мамырда сатып алғаннан басталған кезең.

<sup>2</sup> Қамтамасыз етілген таза қуаттылық ГРЭС-1 станциясының нақты өндірістік қуаттылығы болып табылады. Ол генерацияланып тұрған блоктардың барынша максималды жобалық қуаттылығын алып, оларды блоктардың физикалық (мәселен, тозу) жағдайларына жіктеу, жөндеу кезеңдеріндегі өндірістік өшірулер мен электр энергиясын ішкі қажеттіліктерге пайдалануға жіктеу жолымен есептеліп отыр.

2008 жылдағымен салыстырғанда, 2009 жылы Екібастұздың ГРЭС-1 станциясында өндіріліп шығарылған жылдық таза электр энергиясы 6,4 пайызға төмендеген. 2008 жылдың төртінші тоқсанында электр энергиясына деген сұраныс едәуір құлдырап кетті де, сол қалпы 2009 жылдың басында да төмен болып сақталып тұрды. Сұраныстың бірте-бірте арта түсуі 2009 жылдың сәуір айында басталып, Қазақстан мен Ресейде өнеркәсіптік өндірістердің қалпына келу есебінен бүкіл жыл бойы сақталып тұрды.

2008 жылдың төртінші тоқсанындағымен салыстырғанда, 2009 жылдың төртінші тоқсанында электр энергиясының таза өндірілімі 46 пайызға артты, ал 2009 жылдың үшінші тоқсанындағымен салыстырғанда, 46 пайызға арта түсті. Kazakhmys Power бөлімшесі жаңа тұтынушыларды өзіне тарта алды, өйткені Қазақстандағы басқа электр станциялары техникалық қызмет көрсетуге жоспарлы түрде өшірулеріне байланысты өндірілімдерін қысқартқандықтан мүмкін болды. Оның үстіне, өнеркәсіптік топтар электр энергиясының ішкі тұтынымдарын арттыра отырып, нарықта электр энергияларын саудалауды қысқартты. Бұрынғы клиенттер экономикалық белсенділіктің қалпына оралуына және маусымдық факторларға байланысты электр энергиясын тұтынуды арттырды.

2008 жылдағымен салыстырғанда, таза қолданыстағы қуаттылық 66 МВт-қа артты, ол 2008 жылы 6-шы энергоблоктың, әрі 2009 жылы 5-ші энергоблоктың ауқымды капиталдық жөндеулерімен, және де жыл ішінде басқа энергоблоктарға техникалық жоспарланған қызмет көрсетулеріне байланысты болып отыр. Сәуір айының ортасында 5-ші энергоблокта басталған ауқымды капиталдық жөндеу қазіргі уақытта аяқталған, және бұл энергоблок 500 МВт-тық қуаттылығымен іске қосылып отыр, қуаттылығы 430 МВт болатын алдыңғысымен салыстырғанда жоғары болып отыр.

2009 жылы «Майкөбе-Вест» кенішінде көмір өндіріп шығару 2008 жылдағымен салыстырғанда 2,4 пайызға жоғарылады. 2009 жылдың төртінші тоқсанында көмір өндіру, алдыңғы тоқсанға қарағанда, және де 2008 жылдың төртінші тоқсанындағымен салыстырғанда, тиісінше 16 пайыз бен 7 пайызға жоғары болып, электр энергиясын өндірушілердің тарапынан аса жоғары маусымдық сұранысты байқатты.

**KAZAKHMYS GOLD ӨНДІРІСІ**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
Руда өндіру	мың т.	1 564	2 014	157	661	384
Алтынның құрамдылығы	г/т	1,39	1,51	1,29	1,33	1,53
Сілтіленетін рудадағы алтын	мың унц.	71,9	87,2	12,1	26,2	17,1
Алтынның тұндырылуы	мың унц.	46,1	56,9	10,9	15,6	14,9
Доре құймасын өндіру	мың унц.	46,8	55,7	11,5	15,6	13,8
Күміс өндірісі	мың унц.	43,7	41,9	9,9	14,9	10,4

2008 жылмен салыстырғанда 2009 жылдың ішінде руданы өндіру ауқымы төмендеп кетті, рудалық қойнауы сарқылған Жайма кен орнының 2008 жылдың қыркүйек айында жабылғандығынан және Мизек кенішіндегі өндірудің төмендегіндігінен болды. Төртінші тоқсанда сонымен қатар әсерін тигізген қыстың алдынан келетін кәдімгі маусымдық өзгерістер болды. Өндірісі сілтілеу әдісін қолдана отырып жүргізіледі, ол ерітіндінің температурасы төмендеген сайын баяулайды, сондықтан да аса суық ауа-райы бұл процесске әсерін тигізіп отырады. Мизек пен Мұқыр кеніштеріндегі өндіру жұмыстары минералды шикізатқа бай учаскелерге ауыстырылып, ол 2008 жылдағымен салыстырғанда, 2009 жылдың ішінде қол жеткізілген алтынның құрамдылығын төмендетуге апарды. 2009 жылы Доре құймасының өндірісі 2008 жылдағымен салыстырғанда төмендеп, өндіріліп шығарылып отырған металлдық алтынның ауқымының азайғандығын байқатып отыр.

Қырғызстандағы Бозымчак алтын кен орнындағы өндіру жобасына сәйкес, барлау мен карьер құрылысы жөніндегі жұмыстар кен орнын толық игеру сатысына көшірілді, оған Қытай Даму банкі мен Қазақстандық «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры қаржыландырған 100 миллион доллар сомасының бөлінуі түрткі болды.

Kazakhmys Petroleum Шығыс Ақжар барлау блогындағы ұңғымаларды барлау және тестілеу бағдарламасын жүзеге асыруды жалғастырып отыр. 2009 жылы техникалық қиыншылықтар тудырған бірінші екі ұңғымада тестілеу жұмыстарын жалғастыру үшін келеңсіздіктерді жою жұмыстары жүргізілуде.

Үшінші терең ұңғыманың бұрғылануын соңына жеткізу 2010 жылдың бірінші тоқсанына жоспарланып отыр.

Лицензиялық аумақтың батыс жағын алып жатқан үшөлшемді сейсмикалық деректердің өңделу нәтижелері 2010 жылдың бірінші тоқсанында қолға тиеді деп күтіледі; ол нәтижелер терең ұңғымаларды бұрғылаудың жаңа учаскелерінің келешекте орналасуын анықтау үшін қолданылатын болады.

**МЫС ӨНДІРУ**

		<b>2009 ж 12 айы</b>	2008 ж 12 айы	<b>2009 ж 4 тоқс.</b>	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>«Жезқазғантүстіметалл» ӨБ</b>						
Солтүстік	руда (мың т)	3 391	3 746	508	970	1 033
	құрамы (%)	0,75	0,76	0,74	0,76	0,77
Шығыс	руда (мың т)	5 143	5 188	1 307	1 292	1 178
	құрамы (%)	0,66	0,78	0,69	0,66	0,70
Оңтүстік	руда (мың т)	5 272	3 311	1 373	1 355	1 100
	құрамы (%)	0,69	0,64	0,68	0,68	0,63
Батыс	руда (мың т)	69	2 252	-	-	528
	құрамы (%)	0,72	0,51	-	-	0,70
Степной	руда (мың т)	3 334	2 940	784	847	717
	құрамы (%)	0,82	0,82	0,85	0,81	0,79
Анненск	руда (мың т)	3 295	3 407	877	815	899
	құрамы (%)	0,74	0,87	0,71	0,62	0,84
Жомарт	руда (мың т)	3 275	3 280	842	848	797
	құрамы (%)	1,80	1,39	1,77	1,86	1,65
<b>Аймақ бойынша жиыны</b>						
Аймақ бойынша орта есеппен	руда (мың т)	23 779	24 124	5 691	6 127	6 252
	құрамы (%)	0,87	0,84	0,88	0,86	0,85
<b>«Балқаштүстіметалл» ӨБ</b>						
Қоңырат	руда (мың т)	-	874	-	-	46
	құрамы (%)	-	0,29	-	-	0,32
Саяқ I, III	руда (мың т)	1 731	1 753	450	417	460
	құрамы (%)	1,02	1,10	0,98	1,04	1,03
Шатыркөл	руда (мың т)	545	371	140	134	138
	құрамы (%)	2,26	2,48	2,19	2,32	2,09
<b>Аймақ бойынша жиыны</b>						
Аймақ бойынша орта есеппен	руда (мың т)	2 276	2 998	590	551	644
	құрамы (%)	1,32	1,03	1,27	1,35	1,21

## МЫС ӨНДІРУ (ЖАЛҒАСЫ)

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>«Шығыстүстіметалл» ӨБ</b>						
Николаев	руда (мың т)	556	574	143	163	197
	құрамы (%)	1,73	1,60	1,14	1,33	1,57
Артемьев	руда (мың т)	1 198	1 548	276	290	410
	құрамы (%)	1,72	1,68	2,02	1,70	1,68
Ертіс	руда (мың т)	480	481	120	128	118
	құрамы (%)	1,52	1,41	1,53	1,54	1,46
Белоусов	руда (мың т)	-	211	-	-	34
	құрамы (%)	-	1,02	-	-	1,36
Орлов	руда (мың т)	1 621	1 528	399	408	382
	құрамы (%)	4,41	4,99	4,47	4,44	5,23
Юбилейно-Снегирихин	руда (мың т)	603	538	141	135	162
	құрамы (%)	3,26	3,15	3,40	3,26	2,83
<b>Аймақ бойынша жиыны</b>						
Аймақ бойынша орта есеппен	руда (мың т)	4 458	4 880	1 079	1 124	1 303
	құрамы (%)	2,89	2,82	2,93	2,81	2,82
<b>«Қарағандытүстіметалл» ӨБ</b>						
Нұрқазған (Батыс, Солтүстік)	руда (мың т)	1 729	575	560	512	56
	құрамы (%)	0,85	0,65	0,83	0,78	0,41
Ақбастау	руда (мың т)	-	2,363	-	-	640
	құрамы (%)	-	2,50	-	-	2,35
Құсмұрын	руда (мың т)	-	299	-	-	-
	құрамы (%)	-	2,73	-	-	-
Абыз	руда (мың т)	167	436	78	84	74
	құрамы (%)	1,60	1,70	1,70	1,44	1,63
<b>Аймақ бойынша жиыны</b>						
Аймақ бойынша орта есеппен	руда (мың т)	1 896	3 673	638	596	770
	құрамы (%)	0,91	2,13	0,93	0,87	2,14
<b>Жиыны</b>						
Орта есеппен	руда (мың т)	32 409	35 675	7 998	8 398	8 969
	құрамы (%)	1,18	1,26	1,19	1,15	1,27

## МЫСТЫ ӨҢДЕУ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>«Жезқазғантүстіметалл» ӨБ</b>						
Мыс концентраты	мың т	491,3	493,9	122,1	119,4	133,1
Концентраттағы мыс	мың т	181,4	176,2	44,6	45,7	46,7
<b>«Балқаштүстіметалл» ӨБ</b>						
Мыс концентраты	мың т	206,7	267,3	62,4	50,7	64,2
Концентраттағы мыс	мың т	37,9	38,8	11,9	9,4	9,8
<b>«Шығыстүстіметалл» ӨБ</b>						
Мыс концентраты	мың т	595,3	583,7	144,6	148,1	156,0
Концентраттағы мыс	мың т	108,3	110,7	26,2	26,8	29,5
<b>«Қарағандытүстіметалл» ӨБ</b>						
Мыс концентраты	мың т	272,8	252,9	74,5	81,7	74,5
Концентраттағы мыс	мың т	22,7	38,4	5,9	6,0	13,9
<b>Меншікті өңдеудің жиыны</b>						
Мыс концентраты	мың т	1 566,1	1 597,8	403,6	399,9	427,8
Концентраттағы мыс	мың т	350,3	364,1	88,6	87,9	99,9
<b>Үшінші тараптармен өңделген меншікті руда</b>						
Мыс концентраты	мың т	33,4	25,4	8,9	6,3	6,5
Концентраттағы мыс	мың т	8,6	6,8	2,4	1,6	1,7
<b>Жиыны меншікті:</b>						
<b>Мыс концентраты</b>	<b>мың т</b>	<b>1 599,5</b>	<b>1 623,2</b>	<b>412,5</b>	<b>406,2</b>	<b>434,3</b>
<b>Концентраттағы мыс</b>	<b>мың т</b>	<b>358,9</b>	<b>370,9</b>	<b>91,0</b>	<b>89,5</b>	<b>101,6</b>
<b>Сатылып алынатын концентрат</b>						
Мыс концентраты	мың т	7,6	105,1	-	7,5	26,4
Концентраттағы мыс	мың т	2,0	28,9	-	2,0	7,0
<b>Концентраттағы мыстың жиыны</b>	<b>мың т</b>	<b>360,9</b>	<b>399,8</b>	<b>91,0</b>	<b>91,5</b>	<b>108,6</b>

**МЫС БАЛҚЫТУ ЗАУЫТТАРЫ – КАТОДТЫ МЫС ӨНДІРІСІ**

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>Жезқазған мыс балқыту зауыты</b>						
Меншікті концентраттан	мың т	105,0	179,6	20,9	28,5	48,1
Сатылып алынатын концентраттан	мың т	-	1,1	-	-	-
Ішкі жиыны	мың т	105,0	180,7	20,9	28,5	48,1
Толлингтік негізде	мың т	-	-	-	-	-
Толлингті қосқандағы жиыны	мың т	105,0	180,7	20,9	28,5	48,1
<b>Балқаш мыс балқыту зауыты</b>						
Меншікті концентраттан	мың т	193,5	160,5	44,9	50,0	42,6
Сатылып алынатын концентраттан	мың т	5,5	36,7	0,9	0,9	14,8
Ішкі жиыны	мың т	199,0	197,2	45,8	50,9	57,4
Толлингтік негізде	мың т	0,1	0,2	0,1	-	-
Толлингті қосқандағы жиыны	мың т	199,1	197,4	45,9	50,9	57,4
<b>Барлығы</b>	<b>мың т</b>	<b>304,1</b>	<b>378,1</b>	<b>66,8</b>	<b>79,4</b>	<b>105,5</b>

## ҚОСАРЛЫ ӨНІМ – МЫРЫШ ӨНДІРУ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>МЫРЫШ</b>						
<b>«Шығыстүстіметалл» ӨБ</b>						
Николаев	құрамы (%)	2,45	3,71	3,6	2,20	3,76
Артемьев	құрамы (%)	5,19	5,09	6,13	4,34	4,51
Ертіс	құрамы (%)	3,63	3,58	3,62	3,61	3,46
Белоусов	құрамы (%)	-	1,77	-	-	0,99
Орлов	құрамы (%)	4,74	4,51	4,99	4,86	4,38
Юбилейно-Снегирихин	құрамы (%)	2,46	3,15	2,53	2,47	2,19
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (%)	4,15	4,24	4,63	3,91	3,88
<b>«Қарағандытүстіметалл» ӨБ</b>						
Құсмұрын	құрамы (%)	-	3,93	-	-	-
Ақбастау	құрамы (%)	-	0,63	-	-	0,54
Абыз	құрамы (%)	4,27	3,19	3,56	4,84	1,76
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (%)	4,27	1,31	3,56	4,84	0,66
<b>Барлығы орта есеппен</b>	<b>құрамы (%)</b>	<b>4,15</b>	<b>3,10</b>	<b>4,56</b>	<b>3,98</b>	<b>2,74</b>
<b>Концентраттағы мырыш</b>	<b>мың т</b>	<b>149,3</b>	<b>137,3</b>	<b>40,5</b>	<b>32,4</b>	<b>32,8</b>
<b>Металлдық мырыш</b>	<b>мың т</b>	<b>8,6</b>	<b>47,5</b>	<b>-</b>	<b>-</b>	<b>12,3</b>

## ҚОСАРЛЫ ӨНІМ – КҮМІС ӨНДІРУ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>КҮМІС</b>						
<b>«Жезқазғантүстіметалл» ӨБ</b>						
Солтүстік	құрамы (г/т)	11,28	10,08	9,15	12,04	10,44
Шығыс	құрамы (г/т)	19,31	17,95	20,41	18,54	15,68
Оңтүстік	құрамы (г/т)	18,54	14,46	20,39	17,66	17,39
Батыс	құрамы (г/т)	17,01	15,15	-	-	17,32
Степной	құрамы (г/т)	11,83	8,79	18,14	13,43	8,34
Анненск	құрамы (г/т)	19,70	18,35	17,58	16,94	22,73
Жомарт	құрамы (г/т)	8,41	8,44	9,16	9,25	11,13
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	15,49	13,63	16,99	15,11	14,85
<b>«Балқаштүстіметалл» ӨБ</b>						
Қоңырат	құрамы (г/т)	-	0,71	-	-	0,33
Саяқ I, III	құрамы (г/т)	5,13	5,34	5,01	5,22	5,67
Шатыркөл	құрамы (г/т)	2,30	2,21	2,21	2,30	2,41
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	4,45	3,60	4,34	4,51	4,59
<b>«Шығыстүстіметалл» ӨБ</b>						
Николаев	құрамы (г/т)	23,75	36,22	29,83	24,54	35,32
Артемьев	құрамы (г/т)	96,93	102,06	122,21	76,55	99,22
Ертіс	құрамы (г/т)	60,35	54,63	65,37	58,34	54,46
Белоусов	құрамы (г/т)	-	33,73	-	-	23,23
Орлов	құрамы (г/т)	63,50	59,35	61,14	64,02	52,16
Юбилейно-Снегирихин	құрамы (г/т)	27,28	37,70	25,44	25,75	25,09
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	62,30	66,22	68,44	56,29	60,49
<b>«Қарағандытүстіметалл» ӨБ</b>						
Нұрқазған	құрамы (г/т)	2,29	2,38	2,05	1,83	4,30
Ақбастау	құрамы (г/т)	-	23,51	-	-	22,10
Құсмұрын	құрамы (г/т)	-	43,55	-	-	-
Абыз	құрамы	49,67	41,90	38,13	60,18	19,6

	(г/т)					
Аймақ бойынаш орта есеппен	құрамы (г/т)	6,45	24,02	6,43	10,08	20,56
<b>Барлығы орта есеппен</b>	<b>құрамы (г/т)</b>	<b>20,62</b>	<b>21,05</b>	<b>22,16</b>	<b>19,57</b>	<b>21,23</b>
<b>Концентраттағы күміс</b>		<b>17,076</b>	<b>18,815</b>	<b>4,342</b>	<b>4,278</b>	<b>5,382</b>
Меншікті концентрат	мың унц.	15,062	13,660	3,991	3,689	3,846
Үшінші тараптармен өңделген меншікті концентрат	мың унц.	1,835	1,934	392	370	560
Сатылып алынған концентрат	мың унц.	179	3,221	(40)	219	976
<b>Металлдық күміс<sup>1</sup></b>	<b>мың унц.</b>	<b>16,894</b>	<b>16,710</b>	<b>3,698</b>	<b>4,051</b>	<b>4,587</b>

## ҚОСАРЛЫ ӨНІМ – АЛТЫН ӨНДІРІСІ

		2009 ж 12 айы	2008 ж 12 айы	2009 ж 4 тоқс.	2009 ж 4 тоқс.	2008 ж 4 тоқс.
<b>АЛТЫН</b>						
<b>«Балқаштүстіметалл» ӨБ</b>						
Саяқ I, III	құрамы (г/т)	0,33	0,38	0,30	0,29	0,38
Шатыркөл	құрамы (г/т)	0,39	0,44	0,36	0,37	0,38
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	0,34	0,39	0,31	0,31	0,38
<b>«Шығыстүстіметалл» ӨБ</b>						
Николаев	құрамы (г/т)	0,26	0,34	0,27	0,28	0,26
Артемьев	құрамы (г/т)	1,11	1,12	1,17	0,86	0,97
Ертіс	құрамы (г/т)	0,37	0,37	0,33	0,37	0,40
Белоусов	құрамы (г/т)	-	0,35	-	-	0,20
Орлов	құрамы (г/т)	0,96	0,98	0,98	1,01	0,84
Юбилейно-Снегирихин	құрамы (г/т)	0,40	0,54	0,32	0,36	0,43
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	0,78	0,81	0,78	0,72	0,69
<b>«Қарағандытүстіметалл» ӨБ</b>						
Нұрқазған	құрамы (г/т)	0,28	0,39	0,26	0,28	1,34
Ақбастау	құрамы (г/т)	-	0,75	-	-	0,54
Құсмұрын	құрамы (г/т)	-	2,09	-	-	
Абыз	құрамы (г/т)	5,64	3,78	5,77	5,54	2,03
Аймақ бойынша орта есеппен	құрамы (г/т)	0,75	1,16	0,93	1,03	0,74
<b>Барлығы орта есеппен</b>	<b>құрамы (г/т)</b>	<b>0,66</b>	<b>0,85</b>	<b>0,70</b>	<b>0,70</b>	<b>0,63</b>
<b>Концентраттағы алтын</b>	<b>мың унц.</b>	<b>138,3</b>	<b>128,2</b>	<b>34,2</b>	<b>38,0</b>	<b>32,8</b>
Меншікті концентрат	мың унц.	124,5	86,0	31,7	34,2	21,1
Үшінші тараптармен өңделген меншікті концентрат	мың унц.	12,5	11,5	2,9	2,1	3,2
Сатылып алынған концентрат	мың унц.	1,3	30,7	(0,4)	1,7	8,5
<b>Алтын өндірісі<sup>1</sup></b>	<b>мың унц.</b>	<b>134,7</b>	<b>123,5</b>	<b>30,6</b>	<b>36,2</b>	<b>31,4</b>

<sup>1</sup> Сатылып алынатын концентраттың шламын қосқанда